



ТҮРПАТ- ҚАЗАЛЫ

№26
(2405)
Сенбі
11 сәуір
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ АУДАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН КӨРДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Қайрат Нұртай ауданға жұмыс сапарымен келіп, аудан әкімі Алмасбек Есмахановпен бірге ауданда соңғы жылдары пайдалануға берілген әлеуметтік нысандардың жай-күйін бақылады.

Облыс әкімінің орынбасары алдымен Жанқожа батыр аулындағы Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған 300 орындық мектептің жағдайын зерделеді. Мердігер мекеме — «Асар» ЖШС құрылыс жұмыстарын жүргізіп, білім ордасын 2025 жылдың наурыз айында пайдалануға берді.

Облыс әкімінің орынбасары Қайрат Ырзақұлұлы мердігер мекеме тарапынан мектеп ғимаратын салуда кеткен кейбір кемшіліктерді қайта қалпына келтіру бойынша жауаптыларға бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Мұнан кейін Қайрат



Ырзақұлұлы Қазалы қаласындағы 2022 жылы пайдалануға берілген «Өрімтал» балабақшасының жағдайын көрді. 140 орындық балабақшаның құрылыс жұмыстарын «СМП-Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарған. Қазіргі таңда балабақшаның сыртқы аумақтарында, жертелесінде бірқатар кемшіліктер анықталып отыр. Облыс әкімінің орынбасары

мемлекет қаржысына салынып, тұрғындар игілігі үшін берілген әрбір нысанның жағдайы, мекемелердің тұрғындарға сапалы қызмет көрсету мәселесі әрдайым басты назарда болуы керектігін жеткізді. Осыған сәйкес анықталған кемшіліктерді жөндеуде жауапты басқармалар тарапынан алдағы уақытта тиісті жұмыстар атқарылатындығын айтты. Аудандағы әлеуметтік ны-

сандарды аралағанда Қайрат Ырзақұлұлы 2018 жылы мердігер мекеме «Промстройсервис» ЖШС-і салған 2019 жылы пайдалануға берілген Қазалы ауданы әкімдігі ғимаратының бүгінгі жағдайын көрді.

Облыс әкімінің орынбасары аудан орталығындағы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген теміржол вокзалы ғимараты мен теміржол вокзалы аумағын абаттандыру жұмыстарын да көрді.

Өткен жылы «СтроймодульАстана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі теміржол вокзалы аумағын абаттандыру жұмыстарын бастаған болатын. Қайрат Ырзақұлұлы мердігер мекеме «СтроймодульАстана» ЖШС-нің жауапты өкіліне 2024 жылы қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген Әйтеке би көшесі мен вокзал аумағындағы абаттандыру жұмыстары аймақ басшысының тікелей бақылауында екенін айтып, белгіленген жұмыстарды қысқа мерзім ішінде аяқтауды тапсырды.

ТӘЖІК-АУҒАН ӘСКЕРІ ҚАҚТЫҒЫСЫНДА ҚАЗА ТАПҚАНДАРДЫ ЕСКЕ АЛУ ШАРАСЫ

Тәжік-Ауған шекарасынан қазақстандық әскерилердің шығарылғанына 25 жыл толуына және 7 сәуір – «Ерлік күніне» орай Әйтеке би кентіндегі Қазалы мәдени – демалыс кешеніндегі «Тағзым» аллеясында әскери қақтығыстарда қаза тапқан жауынгерлерді еске алуға арналған тағылымды шара өтті.

Шарада аудан әкімі Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудандық мәслихаттың депутаттары, ел ағалары және Тәжік шекарасында әскери қызметін өтеген ардагерлер мен жас сарбаздар Тәжік-Ауған соғысының ардагерлеріне арналған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, ерлікпен қаза тапқан азаматтарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ, рухтарына арнап құран бағыштады.

Еске алу рәсімінде аудан әкімі Алмасбек Әбілқасымұлы елден жырақ шекара шебінде жүріп, ел тыныштығын күзеткен азаматтардың еңбегі мен ерлігі жайында сөз қозғады.

«Тәжік шекарасына ауданымыздан 26 азамат аттанып, әскери борыштарын өтеді. Өкінішке қарай, қақтығыстар кезінде, Отан алдындағы боры-



шын өтеу кезінде жерлесіміз Есетов Қанат жат жерде ерлікпен қаза тапты. Тағы үш азаматымыз елге аман оралғанымен, кейіннен өмірден өтті.

1995 жылдың 7 сәуірінде Дарваз ауданындағы Пшихавар тау шатқалында қанды шайқас болып, Қазақстандық жетінші біріктірілген ротаның жауынгерлері тосыннан жасалған шабуылға тап болып, бес сағат бойы ерлікпен қарсы тұрды. Сол ұрыста 17 жауынгеріміз ерлікпен қаза тауып, ондаған сарбаз жарақат алды.

Пшихавар тау шатқалында болған шайқасқа қатысқан қазақстандық ротаның жауынгері қазалылық Оңталап

Кашимов ерліктің үлгісін көрсетіп, елімізге аман-есен оралды. Бүгінгі таңда Тәжік-Ауған шекарасындағы қақтығыстың 22 ардагері ортамызда. Олар — тірі тарих, ерліктің күәсі, батырлықтың белгісі. Сын сағатта ел қорғаған ерлердің өнегелі жолы бүгінгі және келер ұрпақ жадында мәңгі сақталады, — деді аудан әкімі.

Жиында Тәжік-Ауған шекарасындағы жауынгерлік қимылдарына және әскери қақтығыстарына қатысушылардың Қазалы аудандық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Руслан Баймбетов сөз сөйлеп, қарулы қақтығыс кезеңіндегі естеліктермен бөлісті.

Айта кету керек, осыдан 33 жыл бұрын, яғни 1993 жылы қаңтар айында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдердің басшылары Тәжік-Ауған шекарасын заңсыз қарулы топтардан бірлесіп қорғау туралы маңызды келісімге қол қойды. Бұл келісім – өңірлік тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды қадамдардың бірі болды. Осы міндетті орындау мақсатында Қазақстан Республикасынан арнайы құрама батальон жасақталып, оның құрамында Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерлерінен құралған жауынгерлер 8 жыл бойы Тәжік-Ауған шекарасында қызмет атқарды. Осы жылдар ішінде 2 мыңнан астам қазақстандық сарбаз бен офицер ТМД-ның оңтүстік шекарасын қорғауға қатысып, бауырлас Тәжікстан халқына көмек көрсетті. Олар тек әскери міндетін ғана орындап қойған жоқ, сонымен қатар адамгершілік пен достықтың, халықаралық ынтымақтастықтың үлгісін көрсетті.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

КӨМІР ӨНЕРКӘСІБІ МЕН ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен өткен мәжілісте бірқатар өзекті мәселелер қаралып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Күн тәртібінде алдымен көмір өнеркәсібі, алдағы 2026-2027 жылдардағы жылу маусымына қажетті қатты отын қорын жоспарлау және елді мекендерді газдандыру мәселелері қаралды.

Өткен жылу маусымында жоспарланған 17 мың тонна көмірдің ауданға 14 200 тоннасы жеткізілгенімен, тұрғындар арасында қатты отынға деген тапшылық орын алмаған. Оның басты себебі - соңғы жылдары елді мекендердің табиғи газға қосылуына байланысты көмірге сұраныс төмендеп отыр.

Осы ретте, аудан әкімі тиісті сала басшыларына биылғы жылы елді мекендерді газдандыруда жоспарлаған Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түкібаев ауылдарын газдандыру жұмыстарын жоспарға сәйкес жүргізу, келер жылғы жылу беру маусымына



қажетті қатты отын қорын нақты жоспарлап, облысқа ұсыныс беру жөнінде тапсырмалар берді.

Мәжілісте ветеринария саласында атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттері де кеңінен қаралды.

Аудан басшысы өңірде эпизоотиялық ахуал тұрақты болғанымен, саладағы бірқатар кемшіліктерді сынға алып, мал шаруашылығының

қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жұқпалы аурулардың алдын алу және ветеринариялық-профилактикалық шараларды жүйелі жүргізу қажеттігін атап өтті.

Атап айтқанда, иесіз жануарларды аулау, мал қорымдарының және мал тоғыту ванналарының жай-күйі, сондай-ақ, ветеринариялық пункттердің санитарлық жағдайы жөнінде қатаң ескер-

тулер жасады. Жауаптыларға аталған нысандарды қысқа мерзімде ретке келтіру және бақылауды күшейтуді тапсырды.

Аудан басшысы 2026–2027 жылдары аудан аумағында 14 мал қорымын салу жоспарланып отырғанын айтып, ауыл әкімдері мен жауапты сала басшысына олардың сапасы мен қолайлы орналасуын қатаң бақылауды тапсырды. Сондай-ақ, көктем мезгілінде белең алатын аса қауіпті Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу шараларын күшейту мәселесіне де тоқталып өтті.

Жиында ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты макроэкономикалық көрсеткіштерді орындау, төтенше жағдайлардың алдын алу, санитарлық тазалықты қамтамасыз ету, инфрақұрылым нысандарының жай-күйін бақылау және кәсіпкерлік нысандарды ретке келтіру бағытында тиісті сала басшылары мен кент, қала және ауылдық округ әкімдеріне нақты тапсырмалар берілді.

МӘЖІЛІСТЕ КӨКТЕМГІ МЕРЗІМДІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілептің төрағалығымен мерзімді әскери қызметке шақырудың көктемгі науқанына дайындық және оны ұйымдастыру мәселелері бойынша мәжіліс өтті.

Жиында Мемлекет басшысының 2026 жылғы 14 наурыздағы №1202 Жарлығына сәйкес көктемгі әскерге шақыру науқанының барысы талқыланып, бірқатар өзекті мәселелер айтылды. Атап айтқанда, өткен жылғы күзгі шақыру науқанының қортындысы сараланып, жоспарлы көрсеткіштердің толық орындалмау себептері сынға алынды.

Мәжілісте аудан әкімі аппаратының басшысы Ринад Тілеп аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің басшысы Нұрлан Көлбаевқа әскерге шақырылушыларды зерделеу, іріктеу сапасын арттыру, нақты деректер базасын қалыптастыру және «Интеграцияланған

шлюз» ақпараттық жүйесіндегі мәліметтердің өзектілігін қамтамасыз ету бағытында нақты тапсырмалар берді. Сондай-ақ, шақыру қағаздарын «1414» сервисі арқылы жеткізу, азаматтардың шақыру пунктіне уақытылы келуін қамтамасыз ету, әскери қызметтен жалтарып жүргендерді анықтау және заң аясында шара қолдану

мәселелері кеңінен қаралды.

Жиында жергілікті атқарушы органдарға, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне әскерге шақырылушылардың тізімін тұрақты түрде нақтылап отыру, көшіп кеткен немесе басқа өңірлерде жұмыс істейтін азаматтар жөнінде деректерді жаңарту тапсырылды. Сонымен қатар, полиция органдары-


мен бірлесіп, әскери қызметтен жалтарған азаматтарды жеткізу жұмыстарын күшейту қажеттігі атап өтілді.

Бұдан бөлек, медициналық комиссия жұмысының сапасын арттыру, цифрландыру бағытындағы «e-Medosmotr» жүйесін енгізу мүмкіндіктері қарастырылып, тиісті ұсыныстар әзірлеу тапсырылды.

Жастар арасында әскери қызметтің маңыздылығын насихаттау, патриоттық тәрбиені күшейту, бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде түсіндіру жұмыстарын жандандыру да күн тәртібінен тыс қалған жоқ.

Жиын соңында Ринад Ибайдуллаұлы әскерге шақыру жұмыстары – мемлекеттік маңызы бар міндет екенін атап өтіп, барлық жауапты мекеме басшыларын бұл бағыттағы жұмыстарға жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

**БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ БАСТЫ НАЗАРДА БОЛУЫ ТИІС**

Қазіргі таңда елімізде балалардың қауіпсіздігі басты назарға алынуда. Сол себепті балалардың қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамаған жөн. Себебі, балалардың қатысуымен көптеген қайғылы жағдайлар орын алуда. Терезеден құлаған балалар туралы хабарламалар жиі айтылып, жыл сайын олардың саны көбеюде.

Балалардың терезеден құлау жағдайларын талдау барысында ата-аналар баланы ашық терезенің жанында пәтерде жалғыз қалдырғандықтан жиі бо-

лып жатқаны айтылады. Бұл көптеген үйлерде заманауи шыны пакеттердің пайда болуымен де байланысты. Егер терезе осындай москит торымен жабдықталған болса, онда ол екіесе қауіпті болады. Өйткені ата-аналар торды қорғаушы ретінде деп қате санайды. Балалар торды қорғаныс бөгет ретінде қабылдайды және оған сүйеніп, терезеден онымен бірге түседі.

Ересектердің назарына: Терезенің жанында жиһаз болмауы керек. Бала ешқашан терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалмауы керек.

Статистика сүйенсек, балаларды қысқа уақытта қараусыз қалдырғаннан құлау жағдайларының көбірек орын алатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, балалардың отпен ойнауы өрттің шығуына себепші болады. Арамызда балаларын үйге кілттеп, сіріңкелерді жасырмай, электр қуатымен жұмыс істейтін құралдарды ток көзінен ажыратпай кететін адамдарда жоқ емес. Ал, мұның бәріне үйде қалған сәбилер назар аударады, осының өзі-ақ өртке ұрындырады. Сол себепті отпен ойнау қандай

жағдайға ұшырататыны жөнінде балаларға айтып, түсіндіріп отыру ата-ананың міндеті.

Кішкентай балаларды үйде жалғыз қалдыруға, оларға дүкеннен темекі, сіріңке алдыруға, жанып жатқан пешті, газ плиталарын қарауға жұмсауға тиым салынады.

Қорыта айтарымыз – балаларды сақтау әрбір ата-ананың абыройлы борышы.

Құрметті ата-аналар! Балалардың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың төрағалығымен Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу және кенеге қарсы залалсыздандыру жұмыстарын ұйымдастыруға арналған мәжіліс өтті.

Ауданымызда «Мәдениет», Басықара, Жанқожа батыр, Байғожа стансасы, №99 бекет, «Ойынды», «Алтай» бекеті

сынды 7 табиғи ошақ (тәуекел аймағы) ретінде белгіленген. Бұған байланысты кешенді іс-шаралар жоспары бекітіліп, залалсыздандыру жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілмек. Атап айтқанда, бірінші кезең 27 сәуір – 5 мамыр аралығында, ал екінші кезең 6–12 мамыр аралығында жүзеге асырылады.

Мәжілісте Жалғас Оңғарұлы елді мекендердегі санитарлық

тазалықты жақсарту, қоражайлар мен аулаларды механикалық тазалау, мал бастарын толық қамту арқылы кенеге қарсы өңдеу жұмыстарын сапалы ұйымдастыру мәселелерін көтерді. Сонымен қатар, тұрғындар арасында түсіндірме жұмыстарын жандандыру, ақпараттық материалдар тарату және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы

кеңінен насихат жүргізу жұмыстарын ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Жиында жауапты сала басшыларына дайындық деңгейін жақсарту, қажетті дәрілік қорды қамтамасыз ету және бекітілген жоспардың уақтылы әрі сапалы орындалуын бақылау міндеттелді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қазіргі таңда жол-көлік оқиғаларының алдын алу және азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау – мемлекеттік органдардың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Осыған орай, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құқық қорғау органдары тарапынан тұрақты түрде түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасына сәйкес, жол қозғалысына қатысушылар – жүргізушілер, жаяу жүргіншілер және жолаушылар жол қозғалысы қағидаларын қатаң сақтауға міндетті.

Атап айтқанда, жүргізушілер көлік құралын басқару кезінде жылдамдық режимін сақтап, жол белгілеріне бағынуы, сондай-ақ, қауіпсіздік белдігін тағуы тиіс. Ал, жаяу жүргіншілер белгіленбеген жерден жолды кесіп өтпеуі, бағдаршам талаптарын орындауы қажет.

Тәжірибе көрсеткендей, жол-көлік оқиғаларының негізгі себептері – жылдамдықты шамадан тыс арттыру, мас күйінде көлік басқару, қарсы жолаққа шығу және жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден өтуі болып отыр. Мұндай құқық бұзушылықтар тек әкімшілік жауапкершілікке ғана емес, ауыр зардаптарға да әкеп соқтырады.

Осыған байланысты, аудандық прокуратура «Заң мен Тәртіп» қағидаты аясында жол

қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында түсіндіру жұмыстарын күшейтуде. Білім беру ұйымдарында, еңбек ұжымдарында және халық көп шоғырланатын орындарда кездесулер мен дәрістер ұйымдастырылып, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға баса назар аударылуда.

Әсіресе, кәмелетке толмағандардың жолдағы қауіпсіздігі ерекше бақылауда. Мектеп оқушыларына жолда жүру ережелері түсіндіріліп, арнайы

профилактикалық іс-шаралар өткізілуде. Бұл өз кезегінде жасөспірімдер арасындағы жол-көлік жарақаттарының алдын алуға ықпал етеді.

Құрметті азаматтар! Жолдағы қауіпсіздік – әрқайсымыздың тәртіппен жауапкершілікке деген көзқарасымызға тікелей байланысты. Жол қозғалысы қағидаларын сақтау – өз өміріңізді ғана емес, өзгенің де өмірін қорғау екенін ұмытпаған жөн.

Қазалы ауданының прокуратурасы

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ НАЗАРЫНА !

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII Салық Кодексінің 109 бабына және Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің 2025 жылғы 28 қазандағы № 640 бұйрығының 7 тарауына сәйкес мәжбүрлі түрде таратылуға жататын субъектілердің қалыптастырылған тізбесі төмендегідей:

№	СТН	ЖСН/БСН	Жеке тұлғаның Аты-жөні (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе Субъектінің атауы	Салық органының атауы,	Субъектінің мекен-жайы
1	330320587813	230164000536	ЖАЛИЕВ АРДАК ЖЕТКЕРОВИЧ/ Крестьянское хозяйство «Жеткер»	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы	Қазалы ауданы, «Құмжиек» ауылдық округі
2	330300214640	161240024711	ПК "СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЙ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЙ КООПЕРАТИВ «ШҰҒЫЛА»	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы	Қазалы ауданы, «Сарыбұлақ» ауылдық округі
3	330300212941	121140002630	Товарищество с ограниченной ответственностью "Микрокре- дитная организация "Жақсылық"	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті
4	330320135217	050564024123	КОСПАНОВА МИУА/крестьян- ское хозяйство "Гаухар"	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті
5	330320188108	070564028992	БУЛЕКБАЕВ ДИН/крестьянское хозяйства "Дин"	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы	Қазалы ауданы, «Майдакөл» ауылдық округі

Қажетті ақпаратты алу үшін Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының «Салық төлеушілермен жұмыс» бөлімінің 8-(72438)-22-1-47 байланыс телефонына хабарласуларыңызға болатындығын назарларыңызға жеткіземіз. Басқарманың заңды мекенжайы: Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №3-ғимарат.

Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРҒА ҚАРСЫ ИММУНДАУ

Қазіргі кезде екпе егу қаншалықты адам денсаулығына пайдалы деген сұрақ үлкен мәселеге айналып отыр. Өйткені, соңғы жылдары жаңа туылған нәрестеге екпе егуге қарсылық білдіріп жүргендер кездесіп қалады. Басым көпшілігі қызуы көтеріліп, м а з а с ы з д а н ғ а н д ы қ т а н денсаулыққа зиян дегенді алға тартады. Алайда, екпенің түрлі аурудың алдын алатынын дамыған елдердің медицинасы әлдеқашан дәлелденген.

Бүгінде жер шарында екпе арқылы миллиондаған бала өлімнен, мүгедектіктен аман қалуда. Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің қажеттілігі болмаса, қолданысқа енбес еді.

Қауіпті дерттерге қарсы екпе егу жұмыстары әлемдік тәжірибеге еніп отыр. Осыған орай, сәби өмірге келген сәттен бастап белгілі мерзім ішінде түрлі аурулардың алдын алу, жұқпалы дерттерден сақтануды қамтамасыз ету үшін иммундау шаралары қолға алынды. Оның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.



Елімізде иммундау шаралары баланың жарық дүние есігін ашқан сәтінен бастап 6 жасқа толғанға дейін кестеге сай жүргізіледі. Ата-анасының рұқсатынсыз балаға екпе салынбайды. Екпені алдын ала арнайы оқытылған медициналық маман жұқпалы ауруларға қарсы рұқсат берілген егу бөлмелерінде салады. Бүгінде пайдаланылып отырған екпе – белгілі бір жұқпалы аурулардың өлі не-

месе әлсіретілген қоздырғыш микроорганизмдерінен жасалған препарат екенін тағы да нақтылаймыз. Олардың шығарылу тәртібіне қатаң талап қойылып, оның зиянсыздығына, қауіпсіздігіне және тиімділігіне зертханалық, клиникалық тексерулер өткізіледі.

Елімізде жұқпалы аурудың 16 түріне, атап айтқанда: қызылша, қызамық, шошқа мойын, вирусты гепатит А,

вирусты В гепатитіне қарсы, құрзек, сіріспе, көкжөтел, сал ауруы, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, тұмау, құтыру, туберкулез, обаға қарсы екпелер тегін жүргізіліп келеді.

2024 жылдық қыркүйек айынан бастап (АПВ) адам папилломасы вирусына қарсы екпесі қосылып, жұқпалы аурулардың 17 түрі Ұлттық күнтізбеге ендірілді. Дүние жүзінде жұқпалы аурулардың салдарынан мыңдаған адамдар көз жұмады.

Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы берік ұстанған. Халық денсаулығы – ұлт байлығы. Сондықтан, халық өз денсаулығына салғырттық танытпауы қажет. Сонда ғана дені сау ұрпақ қалыптасады. Балаларыңыздың уақытылы кестеге сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы екпе алуын қадағалаңыздар.

С. ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ОРМАН-ДАЛА АЛҚАПТАРЫН ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ



Өрт - барлық апаттың бастауы. Ол күрделі шығынға әкеліп соқтырады. Оған деген немқұрайлықтан, селқостықтан арылуымыз керек. Өрт әр түрлі жағдайда шығуы мүмкін, сол өрттердің бірі - дала өрті. Жылдың көктем, жаз мезгілдерінде орман-дала өрті жиі орын алады. Өрт негізінен күннің қызуынан, шөптердің қурап, көгеріп өртенуінен және саяжайға дамалысқа барған азаматтар мен азаматшалардың ошақ

құрып, от жағып, өртті өшірмей оны немқұрайлы қараусыз қалдыру салдарынан болады.

Табиғатты қорғауда орман шаруашылығы мекемесі қызметінің маңызы зор. Сондықтан, әрбір қорықшы өзіне бекітілген учаскесінде бақылауды күшейткен жағдайда өрттің болуы азаяды. Көктем айларында шаруашылық басшылары, жеке азаматтар егіске, бау-бақша егуге даярлық кезінде өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауы керек. Алайда, олар егіс егетін жерлерді, су арналарын арам шөптерден тазарту үшін өртеп, отты сөндірмей бақылаусыз қалдырып кетеді. Соның салдарынан желдің әсерімен өрт жан-жаққа жайылып, табиғатқа қыруар зиянын тигізеді. Осындай жағдайларды болдырмау үшін шаруашылық басшылары дала жұмысына бөлінген адамдардың өртке қарсы ережелерді қатаң сақтауын талап етуі тиіс.

Шапағат ЕРМЕКБАЕВ,
Қазалы ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы,
азаматтық қорғау майоры

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес, ардагерлер және әйелдер кеңесі Арал ауданының әкімі Оңғарбаев Аманжол Сақыпұлының баласы

САҚЫП НҰРТУҒАН АМАНЖОЛҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туғандықтарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

● Көңіл айту

Аймақтық "Тұран-Қазалы" газетінің редакциясы Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Арал ауданының әкімі Аманжол Сақыпұлы Оңғарбаевқа ұлы

САҚЫП НҰРТУҒАН АМАНЖОЛҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туғандықтарының қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҮРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады. Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11507 дана.